

Н.Ә.Ильслова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: nagima68@mail.ru)

Этнотанымдық мәтіндердің лингвокоммуникативтік ерекшеліктері

Мақалада этноменталды мәтіндердің лингвокоммуникативтік маңызын ғылыми тұрғыда зерттеу басты нысанға алынған. Олардың әр түрлі жағдаяттарға байланысты айтылуы, мазмұны ұқсас болғанмен, алуан формада көрініс табатын, психикалық өзгеріс тудырушы әсерлі сөйлеу үлгісі болуы айқындалады. Этноменталды мәтіндерде сөйлеушінің қызметі жай ғана ақпарат жеткізу емес, оның алдында тыңдаушының болашағына бағдар беретін максаттық прагматика міндеті тұратыны туралы жанашыл тұжырымдар мен талдаулар жасалған.

Кілт сөздер: тіл, қазақ тілі, этнотанымдық мәтіндер, кумулятивті қызмет, тілдік кодтар, лингвокоммуникативтік ерекшеліктер, рухани дүниетаным.

Заман талабына сай қоғам өзгеріп, уақыт озса да, тілімізде ұлтымыздың жалпы адамзаттық құндылықтарын сақтаған асыл мұраларымыз бар. Олар қазақ дүниетанымының, рухани әрекетінің, мәдениетінің тілдегі көрінісін айқындайды. Ғасырлар бойғы тәжірибенің нәтижесінде сұрыпталған ұлттық мәдениеттің, ұлттық парасаттың, ұлттық тұжырымның тілдегі жиынтығын құрайды. Халықтың өткенімен өзектес тауып жатқан дәстүр мен мәдениеттің сабақтастығын танытады. Халықтың ұлттық рухын, салт-дәстүрін, қарым-қатынас әдебін ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді, кумулятивті қызмет атқарады. Кумулятивті қызмет дегеніміз — сөздің ұлт өмірінің айнасы, тұрмысы мен мәдениетінің куәсі болу қызметі [1]. Мұндай мәтіндерді этнотанымдық бірліктер деп атаған орынды. Оларды өз ішінде ұлттық рухани дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар; танымдық-тәрбиелік дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар; мәдени-эстетикалық дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар; қарым-қатынас әдебін қамтитын тілдік кодтар түрінде жіктеуге болады.

Рухани дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар қазақтың ақыл-ойының көкжиегін танытуға арқау болады. Ол айтыстан, шешендік сөздерден айқын көрініс табады. Ынта-жігердің, күшті қажыр-қайраттың, терең ақыл-ойдың нәтижесін көрсететін шешендік сөздер мен айтыстан мынадай рухани дүниетанымдық белгілерді айқындауға болады: күтпеген жерден туындаған мәселенің шешімін сол мезетте табу; тілдік құбылыстың жаңа үлгісін жасау; жалпы қабылданған ұқсас сұрақтарға «сирек идеялар» құра білу, қабылдай алу, «ерекше нәрселерге сезімталдық таныту, бір идеядан екіншісіне жылдам, әрі икемді түрде ауыса алу, болжамды өңдей алу т.б. Бұл қазақ халқының креативті ойлау қабілетінің мейлінше жетілгенін көрсетеді. Рухани құндылықтың жоғарғы көрсеткішіне жатады. Рухани құндылық — халықтың танымы. Ш. Уәлиханов атап кеткендей, «халықтың ақыл-ой жетістігі» [2]. Көрген-білгенді ой елегінен өткізіп, оны сарапқа салу, миға тоқу, одан тұжырым шығару, оны тың мәселені шешуде пайдалану, тілге жеңіл, жүрекке жылы сөз орамдарын қолдану – шешендік сөздерге, айтысқа қойылатын үлкен талап. Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтысындағы: «Бәрін де көргеніңнің жұмбақ қылдың, Көңілге бар ма өнердің қонбағаны» деген Нұржанның сөзі «қазақ көргенін көңілге тоқи білетін халық» екенін, «сөз өнері қазақ танымының жемісі» екенін дәлелдейді. Мысалы:

Сапарғали:

*Тәңірінің бар бір құсы,
Қанаты алтын, түгі жоқ.
Жерде де жоқ мекені,
Көкте десем міні жоқ.
Мекенінен шықса өледі,
Оған қылар емі жоқ, —*

десе,

Нұржан:

*Бұл сөзіңіз анық-ты,
Үйір қылдың жұмбақпен
Бұл жердегі халықты.
Қанаты алтын, түгі жоқ
Суда да жүзіп жүреді,
Далаға шықса өледі,
Сапеке, мұның балық-ты, —*

деген жауап береді. Тілден ойдың нәтижесі көрінеді. Айтыста ақындар тың мәселені көтеріп, оның шешімін тауып қана қоймай, көтеріліп отырған мәселенің мазмұнын бейнелі сөзбен, ұйқаспен ашады. Тілді мейлінше тиімді қолданып, сөз саптау – ұлттық логиканың жемісі. Сондықтан да халқымыз терең ойлы сөз өнерін ерекше құрмет тұтады.

Рухани дүниетанымды айқындайтын тілдік кодтар жайшылықта басын біріктіруге келмейтін құбылыстар мен пікірлерді философиялық тұрғыда тұжырымдай отырып, ақиқатты айтудың көрсеткіші болып табылады. Сондықтан олар өліп қалған көңілді де тірілтеді, адамдардың жанына рахат сыйлайды. Р.Сыздық: «Тыңдаушы да, айтыс сияқты, сөз өнерін тудырушы тұтастықтың бір сыңары болып табылады екен. Мұны, әрине, екінші бірі біліп те жатпайды, айтысқа оның бір иесімін деп бармайды, тыңдаймын, қызықтаймын, сөз шұрайын естимін деп барады. Сөйте тұра, жүрегінің түкпірінде өзінің рухани құбылысқа қатысушы екендігі санадан тыс (подсознательно) орын алады да, айтыстан қалмауға ұмтылады. ... Психологтардың зерттеулеріне қарағанда, әр адамда, демек, тұтас қоғамда «жан-дүниенің толқуы» (эмоциональная насыщенность) деген болады екен, яғни адамның ішкі жан-дүниесін толтырып тұратындай әсерлер, іс-әрекеттер т.б. болуы керек. Жеке адамдарда, әсіресе қоғамда жан-дүние толқуының мұқтаждығы, қаны сезілетін тұстар болады. Мұндай мұқтаждық қоғамның әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени өмірінде болатын үлкен өзгерістердің дүмпулердің тұсында орын алатындығын айтқан зерттеушілер, яғни, адамның ішкі жан-дүниесінің толығуы, сыртқы дүниеге ілесе алмай жатады да, адам бос вакуумды толтыратын нәрсені іздейді», — дейді [3]. Ендеше, рухани дүниетанымды айқындайтын тілдік кодтар сөйлеушінің ақыл-ой жетістігін айқындаса, тыңдаушының жан-дүниесіне рухани күш сыйлайды. Айтыс тыңдаушылар нағыз қазақы, табиғи иісі аңқып тұрған сөз образдарын қабылдап, олардың мәні мен мазмұнын ой елегінен өткізіп, өмірді тереңірек түсінуге, дүние болмысының елеулі жағына мән беруге талпынады. Олар да ұлттық құндылықтарымыздың сақталуына, әрі қарай дамуына ерекше үлес қосады. Оған академик Р.Сыздықтың мына сөзі дәлел: «... тіл көркемдігі үшін көптен озған ақынды бас жүлдегер демеске, әддің жоқ: «қоғамның бүгінгі көк тұманында», «қой күзеткен төбеттердің үйден шыққан мысықтың мұртын жалап тойған заман» екенін, «аяғы сау, басы аман кейбіреулердің кең көбісін кие алмай жүргенін», «атандардың өркеші жығылған соң, тайлаққа да шама жоқ тайрандарға» болғанын, «қиын ғой көлге бірден көндіктіру қолдан жем жеп үйренген үйректерді» деген ойды, бірінің отын бірі көсеп, не өшіріп, не үрлеп жүргендер жайында «көш бастар көсемдерден гөрі бүгінде көсеулер көбейгендей боп тұрғандығын» біз, көрермендер, тек Мұхамеджанның аузынан естіп сүйсіндік» [4].

Танымдық-тәрбиелік дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар. Ата-бабамыз адамның мінез-құлқы, таным-түсінігі қоршаған ортаның талаптарына сай болуы керек екенін жақсы білген. Сондықтан бала дүниеге келгеннен бастап, оның ішкі жан-дүниесін белгілі мақсатқа қарай бағыттауды көздеген. Қазақтың әр баласы туған жерін, елін, халқын, ата-анасын, іні-қарындасын, ағайын-туысын ешқашан естен шығармауы, сүюі, құрметтеуі, отанын мақтан етуі, отан үшін еңбектенуі, оны қорғауы тиіс. Осы қасиетті халық өзіндік әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері арқылы баланың бойына біртіндеп сіңіріп отырған. Салт-сана арқылы қазақ баласын естігенін қалтықсыз есте сақтайтын қабілеті күшті тұлға деңгейінде тәрбиелеген. Оны жүзеге асырудың ұлттық моделін жасаған. Оны баланың физиологиялық деңгейіне байланысты динамикалық тұрғыда жүзеге асырып отырған. Қазақтың шілдехана, ат қою, бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа мінгізу, тоқым қағу т.б. сияқты тойлары мен осы тойда айтылатын бата-тілектер, өлең-жырлар оған дәлел. Қазақ халқы бала дүниеге келіп, кіндігі түскен соң, бес күннен кейін бесікке салып, бесік той жасайды. «Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің? Қолымызға іс алып, Бақытымызға, жан балам, Бізді бағар ма екенсің?» деп бесік жырын айтса, қаз тұрып, енді ғана жүруге талпынған кезде тұсаукесер тойын жасап, «Қаз-қаз, балам, қаз, балам, Қадам бассан, мәз болам. Елгезек бол ерінбе, Ілгері бас шегінбе» деп тұсаукесер жырын жырлайды. Бала буыны бекіп, ат үстінде өзін-өзі ұстап отыра алатын балдырған жасқа келгенде ашамай ерге отырғызып, атқа мінгізу тойын жасайды. «Бәсіре тойың пыраққа айналсын! Мінген ашамайың таққа айналсын! Айналаң толы қауым болсын! Ылайым жолың болсын! Атқа жақсы шаба біл! Жасыңнан малды баға біл! Оқу-өнер таба біл! Ел жұртыңа жаға біл!» — деп жырлайды. 5–7 жас аралығындағы сәби кезінде сүндетке отырғызып, «ат жалын тартып мінер азамат болдың» деп баланың көңілін өсіріп, дәрежесін көтеріп, сүндет той жасайды. Ересек жасқа жеткенде бірінші рет үйінен шығып, алысқа жолаушылап кетерде «Тоқымқағар» тойын жасап, баланы азамат болып, атқа мініп, ел қорғауға тәрбиелеу мақсатында бата-тілектер айтады. Физиологиялық деңгейдегі организмнің жетілу сатысына қарай адам өмірінде болатын елеулі өзгерістерді ескере отырып, соған орай, той жасап, бата-тілектер мен

өлең-жырлар айтып, сол арқылы салт-сананы қалыптастыру қазақтың ұлттық болмысына тән ерекше қасиет деп тануға болады. Салт-сана салт-дәстүрлерде айтылатын өлең-жырлар мен бата-тілектер арқылы адамның жан-дүниесін белгілі мақсатқа сай тәрбиелеудің көзі болып табылады. Тәрбие берудің, салт-сананы қалыптастырудың айырықша көзі болып табылатын бесік жыры, тұсаукесер жыры, ақ батаның түрлері жақсылықта асып-тасымауды, жамандық көрсе, жабырқап жасымауды, қиыншылықта еңсесі түсіп, езілмеуді есте сақтау мақсатын көздейді. Әдет-ғұрыптарымыз арқылы баланың жан түкпіріне ықпал етіп, оның санасын қоғамның талабына сай тәрбиелеу белгілі бір нәтиже беретіні сөзсіз. Бұл шетелдік зерттеушілердің қарастырып жүрген эпизодтық есте сақтау тәсілінің бір көрінісі сияқты қолданған. Эпизодтық есте сақтау нақты бастан өткен жағдайларды еске алу арқылы орындалады (П.Э.Тулвинг). Бесік жырын, тұсаукесер жырын тыңдап, ақ батаға бөленіп өскен қазақ баласы да бесік тойдан бастап өмірінің әр кезеңіне болатын тойлар арқылы жыр тыңдап, ақ батасын алады. Онда айтылған құдіретті сөз оған әсер етпей қоймайды. Бұл салт-сананы қалыптастырудың тәсілі. Салт-сана тәрбиесімен байланыстырылған дәстүрлерді жүзеге асыру үлкендер үшін де аса маңызды. Үлкендер де өзінің өміріндегі көрген-білген, санасына түйген оқиғаларды есіне түсіріп, өткені мен болашағын сабақтастырып отырады.

Мәдени-эстетикалық дүниетанымды қамтитын тілдік кодтар. Жаратылыстағы сұлу заттар адамның жанына сұлулық сезімін ұялатып, көңілін толқытады. Көңілдегі толқын сәулет, сурет, мүсін, тіл, би, музыка өнері т.б. арқылы жарыққа шығады. Өнер адамдардың көру, есту сезімдеріне ерекше жағымды әсер беріп, жанына ләззат сыйлайды. Халықты эстетикалық тұрғыда тәрбиелеуге қызмет атқарады. Сондықтан да болар қазақ халқында эстетикалық тәрбие беретін туындылар көптеп қолданылған. Эстетикалық тәрбиенің халық арасына кең таралуына белсенді түрде қызмет атқаратын өнер туындысы тіл өнері екеніне ерекше мән берген. Себебі адамның өзі жетпеген жерге сөзі жететінін халық жақсы білген. Сондықтан да батырлар жырында, лироэпостық жырларда, ертегілерде суретті сөзді қолдана отырып, өмір шындығын адам жанына әсер ететіндей мейлінше көркем, бейнелі түрде суреттеген.

Эстетикалық тәрбие жақсылыққа ұмтылуға, өмірді сүйе білуге, көркемдік пен сұлулықты бағалай білуге қызмет етеді. Бұл адамдардың биік талғаммен парасатты өмір сүруіне мүмкіндік жасайды.

Эстетикалық тәрбие көркемдік пен сұлулыққа деген халықтық таным арқылы беріледі. Қазақ танымında эстетикалық тәрбие берудің тілдік бейнесін бірнеше жүйеге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, табиғат сұлулығын бейнелеу; әйелдің сұлулығын бейнелеу; жанның сұлулығын бейнелеу.

«Қыз Жібек» жырында қазақ қыздарын бірінен-бірі асқан сұлу етіп көрсетудің астарында үлкен мән жатыр. Төлегеннің Қыз Жібекті іздеп жүргенде, әрбір көштің алдында кетіп бара жатқан қыздардың сұлулығына тамсануы тектен-тек емес. Мысалы: «Нұрлы көзі күн шапағына шағылысып, мың бұрала сыланған кекілді қыз кетіп барады»; «Таңғы Шолпан жұлдызындай жарқырып, бір бойжеткен кетіп барады»; «Ақсазандай қылықты бойжеткен кетіп барады»; «Танадай көздері жарқылдап, алтын шашбауы жалтылдап, абжыландай бұралып, бір бойжеткен кетіп барады»; «Алтын шыны кеседей екі көздің шарасы, пейіште жанған шамшырақ көзінің гауһар қарасы. Туған айдай иілген екі қастың арасы, сымға тартқан күмістей он саусақтың саласы» деген сөздер – сұлулықтың тілдегі бейнесі. Мұнда қазақ қыздарына тән сұлулықтың сыры ашылған. Өзіне жарасымды шаш қоя білу, сыланып жүру, қылықты болу, әшекей бұйымдарды таға білу, бет-келбетті, аяқ-қолды күте білу, жайдарлы жүзбен жарқырап жүру сұлулықтың белгісі екенін көрсетеді. Жібектің «көшпен бірге жүрсем, бетіме шаң қонады» деп ертелеп жолға шығып кетуі, оның нәп-нәзік мақпал даусы да – сұлулыққа берілген баға. Қазақ жырларында жалғастылық тауып келе жатқан «Қара жерге қар жауар, қарды көр де, етім көр. Қар үстіне қан тамар, Қанды көр де бетім көр» деген жыр жолдары сұлулықты табиғи құбылыспен нәрлендіре білген халықтық танымның нәтижесі.

Қарым-қатынас әдебін қамтитын тілдік кодтар бата-тілек, ат тергеу (табу) сөздерінен көрініс табады. Бұл мәтіндер тіл арқылы сенім қалыптастыруды және оның қарым-қатынас әдебін сақтауда алатын орнын анықтайды. Сенім ұлттың эстетикалық таным-талғамын, ұлттық рухын көтеретін кез келген мәдениетке тән құбылыс екені баршаға аян. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудің де бірден-бір жолы болып табылады. Қазақтың батасы сөзбен адамды сендіріп, иландырып, тіпті ұйытып тастау арқылы жоғары адамдық қасиеттерді қалыптастырудың үлгісін көрсетіп келеді. Батаны әр адамның көңіліндегі мейір шапағатты, ақ пейіл мен ыстық ықыласты екінші бір адамның дәтіне, рухына мият ету мақсатында қолданады. Бұл бата алушының көңіліне қанат бітіріп, болашағынан зор үміт күттіреді. Сондықтан да Х.Досмұхамедұлы атап кеткендей, «... Қазақ қауымы

арасында өз ісінің шын шебері, мәселен, би, ақын, зергер т.с.с. табиғат сыйлаған дарын-өнерін басқа біреуге ақ батасы арқылы мирас етіп қалдыра алады деген сенім кең таралған» [5].

Адамдар сенімге ие болғанда ғана көңілі толып қанағаттану, сабырлық таныту, қуану, риза болу, сүйсіну сияқты жай-күйлерді сезінеді. Адамның жан түкпіріндегі сезімдердің барлығы да тіл арқылы жарыққа шығатыны белгілі. Жақсы сезімге бөленген адамның сөзі де жағымды, әсерлі болып нәтижесінде қарым-қатынасқа түсушілер арасында жақсылыққа негізделген логикалық байланыс орнайды. Үлкенге — құрмет, кішіге ізет көрсетудің үлгісі қалыптасады. Батаны халық арасындағы жолы үлкен, ұзақ жасаған абыз, халық қадірлеген хакім, көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кемеңгерлер, дуалы ауызды билер, атақты адамдар айтатыны белгілі. Оны «бата беру» дейміз. Мұнда тек жақсы тілек, ізгі ниет қана емес, ақыл-өсиет арқылы бата берушінің бойындағы жақсы қасиеттер кейінгі ұрпаққа мирас болып қалады деген сенім басымырақ қызмет атқарады. Сондықтан бата дастархан басында немесе үлкен топта, той-салтанат төрінде айтылады. Бата мақсатты прагматикаға тәуелді. Себебі ол арнайы сойылған малға, ас-дәмге, үй иесіне, жаңа туған нәрестеге, өмірге жаңа қадам басқан ұл-қыздарға, жас отау тігіп жатқан жастарға, алыс сапарға шығушыларға, үлкен бір істі бастаушыларға, жорыққа, шеруге, сапарға аттанушы сарбаздарға т.б. беріледі. Батада тыңдаушының болашағына бағдар беру міндеті тұрады. Сондықтан бата беру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Аузы дуалы, аса қадірлі адамның ақ ниетін, алғысын алған тыңдаушының оған деген құрметі де ерекше болары сөзсіз. Ендеше, бата адамдар арасындағы қарым-қатынас әдебін сақтаудың бірден-бір көрсеткіші болып табылады.

Қарым-қатынас әдебін танытуға табу сөздер де арқау болады. Табу сөздері қазақ келіндерінің қайын атасы, қайын ағасы, қайын інілері мен қайын сіңлілерінің атын атамау дәстүрінен қалыптасқан. Бұл қазақ келіндерінің тапқырлығын, көрегендігін, ой ұшқырлығын айқындаудың бірден-бір көрінісі. Ал бұл бір ғана жылдың жемісі емес, қыз баланың дүниеге келгеннен бастап белгілі бір талап үдесінен шыға білетін аялық білімнің нәтижесі. «Сылдыраманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен. Жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім» деген қазақ келінінің табу сөздеріне мән берсек, келіннің қамысқа «сылдырама», өзенге «сарқырама», қойға «маңырама», қасқырға «ұлыма», бәкіге «жаныма», қайраққа «білемеге» деп ат қоюы аялық білімнің нәтижесі деп түсінген жөн. Шынына келсек, сылдырау «қамыс», сарқырау «өзен», маңырау «қой», ұлу «қасқыр», жану «бәкі», білеу «қайрау» сөздерінің ішкі мағынасын анықтайтын танымдық (когнитивтік) семантикаға ие сөздер. Сылдырау қамысқа, сарқырау өзенге, маңырау қойға, ұлу қасқырға, жану бәкіге, білеу қайраққа тән белгі екені рас. Сөздің ішкі семантикасына мән беру, оны ой елегінен өткізіп, тілде қолдана білу – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Ендеше, қазақ келіндері тапқырлығымен өзін қоршаған ортаны мойындата білуге міндетті. Табу сөздер талап пен талғамға сай келсе, келін мен қайын жұрттың арасында қарым-қатынас әдебі де жүйелі түрде орнығатыны сөзсіз.

Этнотанымдық мәтіндердің ғасырдан ғасырға жалғасып, асыл мұрамыз ретінде бүгінгі күнге дейін жетуіне коммуниканттардың бойындағы ұлттық болмысымызға тән генетикалық кодтың сақталуы себеп болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқына «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет — ұлттың генетикалық коды», — деп текке айтқан жоқ [6]. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, ұлттың генетикалық кодын сақтау этнотанымдық мәтіндерді халық арасында насихаттап жүрген, айтып жүрген, қолданып жүрген коммуниканттардың қолында. Халық арасында этнотанымдық мәтіндер кеңінен қолданыс тауып, мемлекеттік деңгейде насихатталып жатса, халықымыздың ұлттық рухани бейнесі, мәдениеті, өркениеті, әдеп-нормалары орнығып, олар эволюциялық жолмен дамып отырады сөзсіз. Қоғам қаншалықты өзгерсе де, халықтың ұлттық құндылықтары сақталуы, дамуы тиіс. «Ұлттық мәдениеті жоғары дамыған ел кез келген өркениетті деген елден оқ бойы озық тұрады» деген қағидаға сүйенсек, ұлттық мәдениетімізді жан-жақты зерделеу — бүгінгі заман талабы.

Этнотанымдық мәтіндер арқылы этностың болмысын айқындаудың бірнеше жолдарын көрсетуге болады. Бұл мақалада лингвокоммуникативтік қырларына назар аударуды жөн көріп отырмыз.

Этноменталды мәтіндердің лингвокоммуникативтік маңызы олардың әр түрлі жағдаяттарға байланысты айтылатын, мазмұны ұқсас болғанмен алуан формада көрініс табатын, психикалық өзгеріс тудырушы әсерлі сөйлеу үлгісі болуымен айқындалады. Олар адамның ішкі жан-дүниесін толықтыратын белгілі бір халықтың рухани азығы болып табылады.

Этноменталды мәтіндерде сөйлеушінің қызметі жай ғана ақпарат жеткізу емес, оның алдында тыңдаушының болашағына бағдар беретін мақсаттық прагматика (прагматика-установка) міндеті тұрады.

Этнотанымдық мәтіндердің қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамында тілдік қатынасқа түсушілер (коммуниканттар) айқын көрінеді. Осыған орай, коммуниканттар моделі анықталады. Мәселен, айтыста коммуниканттар моделі: ақын мен ақын. Батада: *жасы үлкен, сөзі дуалы, қадірлі ер адам мен үй иесі, жас адам* т.б. Табу сөздерде: *келін мен қайын ата, қайын аға* т.б. Бесік жырында: *ана мен бала* т.б. Олар айтыс, бата, бесік жыры т.б. арқылы тек тілдік қатынасқа түсіп қоймайды, қазақ халқының мәдени-рухани өмірін, тыныс-тіршілігін, шаруашылығын, тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге қызмет атқарады.

Тілдік қатынас тұрғысынан алсақ, айтыс та, шешендік сөздер де, бата да, табу сөздері де ауызша тілдік қатынас құралына жатады. Себебі олар нақты сөйлеу әрекеті үстінде орындалады. Коммуниканттардың ешбір жазу-сызусыз, көзбе көз отырып, ауызба-ауыз тілдік қатынасқа түсу тәсілін көрсетеді.

Құрылымына зер салсақ, құрамындағы сөйлемдер диалогқа негізделеді. Диалог ауызша сөйлесудің басты көрсеткіші екені белгілі. Алайда мұндағы диалог сезімдік танымның көрсеткіші ретінде сөйлеудің ішкі түрімен сәйкестеніп, алдымен, айтылған ойдың мықтылығын, ауыздан шыққан сөздің тыңдаушыға әсерлі болуын талап етеді. Сондықтан этнотанымдық мәтіндердің құрылымындағы диалогта ұйқасты сөздер, мақал-мәтелдер, эпитеттің түрлері, экспрессиялық бояуы қалың тілдік элементтер, теңеулер, метафоралар, ассонанс, аллитерация, параллелизм сияқты көріктеуіш амалдар қолданылады.

Бір мәжілісте бас қосып, сөйлесіп отырған Шоң биге Мұса Мырза:

*Ақ сауыт деп нені айтамыз?
Арғымақ деп нені айтамыз?
Ақылды деп кімді айтамыз?
Ер жігіт деп кімді айтамыз? —*

деп сұрақ қойыпты. Бұған Шоң:

*Ақсауыт деп айтамыз,
Атқанда оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желігенде жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозған елді септесе.
Ер жігіт деп айтамыз,
Жауға тастап кетпесе! —*

депті («Қазақтың шешендік сөздері»). Ауызша сөйлеу құралына жататын шешендік сөздерде адресат қойылған сұраққа ешбір кітап оқымай, алдын ала дайындалмай, коммуникативтік жағдаят үстінде поэтикалық тұрғыда бірден жауап табады. Шешендік сөздер ақиқат болмыс туралы танымды тілдік логикамен сабақтастырып, адам танымында орныққан, өмірде аса маңызды мәні бар шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар туралы білім аясын қалыптастырады. Құрамындағы сұрақ-жауап диалогы танымдық, философиялық түсінікке негізделеді. Сондықтан шешендік сөздерде ұшқыр ой мен тапқырлықтың сипаты жоғары болады. Қойылған сұраққа тыңдаушысын еріксіз мойындататын жауап тауып, оның поэтикалық образбен жеткізілуі ауызша тілдік қатынас құралына жататын шешендік сөздердің әрі танымдық, әрі коммуникативтік мәнін анықтайды.

Айтыс, шешендік сөздер, бата-тілек, табу сөздері айтушы, тыңдаушы және олардың қарым-қатынасын анықтайтын тілдік код ретінде де ерекшеленіп қоймайды, коммуниканттар өз пікірлерін міндетті түрде өлең түрінде жеткізеді. «Өлеңсіз айтыстың аты ерегіс болады» деген А.Байтұрсынұлының сөзін ескерсек [7], ерегіс болған жерде тіл мәдениеті, тілдік норма заңдылықтары сақталмайтыны белгілі. Ендеше, этнотанымдық мәтіндер — қазақ халқының жөн-жоралғысына сіңген мәдениеті мен халықтық психологияның нормалары мен ұстанымдарының көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сағындықұлы Б.* Таңдамалы туындылар. — Алматы: Үш қиян баспасы, 2009. — 291-б.
- 2 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 28-б.
- 3 *Сыздық Р.* Ғылыми таным үзіктері: Мақалалар жин. — Алматы, 2009. — 3-т. — 101, 102-б.
- 4 *Сыздықова Р.* XVIII–XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 1984. — 105-б.
- 5 *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 21-б.
- 6 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана: Ақорда, 2012. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz/>
- 7 *Байтұрсынов А.* Сөйлеу әуезділігі // Ақ жол. — Алматы, 1991. — 408-б.

Н.А.Ильсова

**Лингвокоммуникативные особенности
этноментальных текстов**

Главным объектом статьи являются исследования лингвокоммуникативной важности этноментальных текстов. В различных ситуациях, несмотря на то, что у них похожий смысл, они употребляются в разных формах, проявляются психическими изменениями, уточняются стилем речи. В этноментальных текстах выступающий доносит информацию, а перед этим делает новые выводы и заключения, которые направлены на слушателя.

N.A. Il'yosova

Lingualcommunicative features atometry texts

The subject of this article is to investigate linguocommunicative importance of ethnomental texts from the point of science. According to different situations expressive way of speaking can have similar meaning but contains different forms of expression and psychological features. In ethnomental texts the duty of speaker not only to transfer information but also to understand responsibility in front of other speaker, to transfer new information, to direct, to show the right way of speaking. All these aspects are determined in the article.

References

- 1 *Sagyndykuly B.* *Selected Work*, Almaty: Ush kiyan baspasy, 2009, p. 291.
- 2 *Ualikhanov Sh.* *The select*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 28.
- 3 *Syzdyk R.* *Excerpts of scientific knowledge*: Collection of articles, Almaty, 2009, 3, p. 101, 102.
- 4 *Syzdykova R.* *History of Kazakh literary language of the XVIII–XIX c.*, Almaty: Gylym, 1984, p. 105.
- 5 *Dosmukhameduly Kh.* *Alaman*, Almaty: Ana tili, 1991, p. 21.
- 6 *Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan – 2050»*, Astana: Akorda, 2012, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/>
- 7 *Baiytursynov A.* *Ak zhol*, Almaty, 1991, p. 408.